

\*\*\*

In this article author says about new conception of marketing – partnership marketing. There are opened main idea, reason of beginning of conception and prerogatives for companies and clients.

*З.Е. Касенуалиева*

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі білім беретін оқу бағдарламаларының үздіксіздігі және сабақтастығы принципі негізінде мынадай білім беру деңгейлерін қамтиды /1/:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды;
- 2) бастауыш білім беруді;
- 3) негізгі орта білім беруді;
- 4) орта білім беруді (жалпы орта білім беруді, техникалық және кәсіптік білім беруді);
- 5) орта білімнен кейінгі білім беруді;
- 6) жоғары білім беруді;
- 7) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді.

Білім беретін оқу бағдарламалары мазмұны мен бағыттарына (міндеттеріне) қатысты:

- 1) жалпы білім беретін (үлгілік, жұмыстық);
- 2) кәсіптік (үлгілік, жұмыстық);
- 3) қосымша болып бөлінеді.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мазмұнына қарай мынадай оқу бағдарламаларына:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орта білім беру;
- 4) жалпы орта білім беру болып бөлінеді.

Кәсіптік оқу бағдарламалары экономика салаларындағы кәсіптік қызметтердің бағыттары бойынша техникалық, қызмет көрсету және басқару еңбегі мамандарын даярлауға, жеке адамның кәсіптік және жалпы білім деңгейін жүйелі арттыруға бағытталған;

Кәсіптік оқу бағдарламалары мазмұнына қарай:

- 1) техникалық және кәсіптік білім беретін;
- 2) орта білімнен кейінгі білім беретін;
- 3) жоғары білім беретін;
- 4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларына бөлінеді.

Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді /1/.

«Білім беруді қаржыландыру тетігі» немесе «білім беруді ұйымдастыру және қаржыландыру тетігі» сияқты ұғымдардың кеңінен қолданылғанына қарамастан оның анықтамасы жеткіліксіз болып табылуда. Мұның бары біздің ойымызша білім беру жүйесінің қызмет ету ерекшеліктерімен, оның коммерциялық еместіген және оның ресурстық қамтамасыз етілу жағдайларымен де байланысты. Бұл факторлар білім беру мекемелерінің қызмет ету шарттарының және тәртібінің өзгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар білім беру саласын

қаржыландыруға байланысты көптеген мақалалардың болуына қарамастан, осы күнге дейін нарықтық жағдайларға сай қызмет ететін білім беру жүйесі қалыптаса қойған жоқ.

Классикалық анықтамасыне келсек, тетік (механизм) бұл бір немесе бірнеше денелердің қозғалысуға тиіс басқа бір денелерге айналуына арналған жүйені білдіреді. Тетік бұл сол қозғалуға тиіс денені алуға мүмкін болмаған жағдайда қолданылады. Соған сәйкес экономикалық тетік деп пайдалану барысында экономикалық тиімділік немесе нәтиже алу үшін ресурсты пайдалануды жүзеге асыратын қатысушылардың жүйесі түрінде сипаттауға болады. Ал енді білім берудің қаржылық қамсыздандырылу тетігіне қатысты қарастыратын болсақ, ол білім беру мекемелерінің білім беру үдерісін қамтамасыз ететін қаржыландыруға қатысушылар арасында шарттардың жасалуы мен қатынасты қалыптасуын сипаттайды.

Осындай анықтаманы басшылыққа ала отырып, қаржыландыру тетігін білім беру мекемелеріндегі оқу үдерісін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру субъектілерін, құрылымын, қағидаларын, процедураларын ретінде қарастыруға болады. Бұл тетік ұғымының біршама шектеулі анықтамасын береді, себебі мұның мазмұнында білім беру жүйесінің басты объектісі ретінде жоғары оқу орындары қарастырылмайды.

Қазіргі кезде білім беру саласында қолданылатын қаржылық тетік ретінде қаржылық ресурстармен қамтамасыз етудің жекелеген түрлері қарастырылуда. Оларға мыналар жатады:

- бюджеттік және бюджеттік емес қаржыландыру;
- мемлекеттік білім беру гранттары;
- мемлекеттік жеңілдікпен білім беру несиелері.

Білім беру грантын иелену конкурстық негізде жүргізіледі және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша нақты мамандықпен және тілдік бөліммен жүргізіледі. Білім грантын беру, білім беру аясындағы өкілетті конкурстық комиссия органы жүргізеді /2/.

Білім беру грантын иелену конкурсына басымдылық құқыққа ие азаматтар:

1) «Алтын белгі» иегерлері

2) ҚР-ң «Білім туралы» заңымен «Алтын белгі» алған азаматтарға ЖОО-на түсуіне басымдылық құқық берілген. Сонымен қатар жалпы білім пәнері бойынша халықаралық олимпиадада және ғылыми жарыстар жеңімпаздарына (I, II, III орындармен марапатталған), республикалық және халықаралық спорттық жарыстардың (I, II, III орындармен марапатталғандарға) соңғы үш жылда, сонымен қатар жалпы білім пәндер бойынша республикалық олимпиада және ғылыми жарыстардың (I, II, III орындармен марапатталған) ағымдағы жылдағыларға орындар беріледі. Сонымен бірге осы талапкерлердің таңдаған пәні олимпиада және ғылыми жарыстардың, спорттық жарыстардың пәнімен сәйкес келуі қажет. Білім гранты ең бірінші осы тұлғаларға беріледі.

Білім беру грантын иелену конкурстық негізде жүргізіледі және мемлекеттік білім беру заңы бойынша нақты мамандықпен және тілдік бөліммен жүргізіледі. Білім гранттын беру, білім беру аясындағы өкілетті конкурстық комиссия органы жүргізеді.

Кешенді тестілеудің нәтижесі бойынша бірдей балл жинаған кезде басымдылық құқыққа ие азаматтар, яғни. I, II топтың мүгедектеріне, туғаннан мүгедек, мүгедек балаларға МӘЭ медициналық сараптамадан таңдаған мамандығына және оқуына қайшы келмейді деген құжат, соғыс ардагері және соғыс мүгедектері, оған теңестірілгендергне және аттестаттың жоғары орташа баллы бар азаматтар жатады.

Білім беру гранттын иеленгендер туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында басылымға шығарылады. Білім беру гранттын иеленгендерге, куәлік және қабылдау комиссиясына берілген құжаттар 15 тамызға дейін беріледі.

Министрліктің Жоғары және жоғары білімнен кейінгі департаментінің директоры Болатбек Әбдірәсіловтың айтуынша, елдегі жоғары оқу орындарында маусымның 21-і мен шілденің 10-ы аралығында талапкерлерден кешенді тестілеуден өткізуге байланысты құжаттар қабылданады. Шығармашылық мамандықтарға түсетін талапкерлер емтихандарды сол жоғары оқу орнының өзінде тапсырады. Мемлекеттік білім беру гранттары мен кредиттерін иемдену жөніндегі конкурса еліміздегі 95 жоғары оқу орны қатыстырылып, нәтижесінде соның 76-сы ғана бұл құқыққа ие болды. Мәселен, педагогикалық мамандықтар

бойынша қарастырылған 4147 мемлекеттік білім грантының 40 пайызы еліміздегі 8 педагогика институтының еншісіне тиіп отыр. Осында атап көрсетілгендей, мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы саны 25710 бірлікті құрайды. Соның 15555-і мемлекеттік грант та, ал қалғандары – мемлекеттік білім кредиттері.

Білім беру саласы үшін өзіндік қаржылық тетік тән. Қазақстанның білім беру жүйесін қаржыландыру тетігін және оның қызмет етуімен байланысты мәселелерді ғылыми зерттеу үшін талдау барысында пайдаланылатын білім беру қызметінде кездесетін түсіндірме аппаратты және категорияларды қарастыру және білім беру жүйесін қаржыландыруға талдау жасау қажет.

Білім беруді қаржыландыру мәселесіне қатысты ғылыми көзқарастардың нәтижелеріне сүйене отырып, білім беру жүйесін қаржыландыру тетігі бұл мемлекеттің жалпыға білім беру стандартын қамтамасыз ету және жеке тұлғалардың білім беру қызметіне деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында білім беру мекемелерінің ақшалай қаражаттарын қалыптастыру және пайдалану қағидаттарын, шарттарын, нысандарын, әдісі мен тәсілдерінің жиынтығын білдіреді.

Білім беру саласындағы қаржыландыру тетігі 4 өзара байланысты элементтерден тұрады:

- 1) қаржыландыру әдістері;
- 2) қаржыландыру тұтқалары;
- 3) қаржылық құралдар;
- 4) қамтамасыз етуші ішкі жүйелер (құқықтық, нормативтік, ақпараттық, технологиялық, кадрлық).

Қаржылық әдістері бұл шаруашылық үдерістеріне қаржы қатынастарының ықпал ету тәсілдерін білдіреді. Қаржылық әдістер екі бағытта ықпал етеді: қаржылық ресурстардың қозғалысын басқару желісі тұрғысынан және нарықтық қатынастар тұрғысынан, яғни шығындар мен нәтижені салыстыру, материалдық ынталандыру мен ақшалай қаражаттарды пайдалану тиімділігі үшін жауаптылығын өзге салыстырумен байланысты.

Қаржылық тұтқа бұл яғни басқарушы субъект олардың көмегімен ақша ағымына мекеменің пайдасы, бір оқушыға келетін норматив, норма, тарифтер, амортизациялық аударымдар, қаржылық санкциялар, жалгерлік ақы, салық, дисконт, білім беру бағасы, есеп айырысу нысандары, несие түрлері сияқты ықпал ететін көрсеткіштерін білдіреді.

Білім мекемесін бюджеттік қаржыландыру тетігі заңдық тұғыдан «Білім туралы» заңның ... бабына сәйкес анықталған:

- білім беру мекемесін келесім шартқа сай оның құрылтайшысы қаржыландырады.

- Білім беру мекемесін қаржыландыру мемлекеттік қаржыландыру нормативі негізінде, яғни бір оқушыға есептеу және білім беру мекемесінің санатына байланысты;

Жекелеген қаржылық тетіктердің көптеп кездесуі және олардың негізіне қаржы құрадарының жатуы өз кезегінде білім беру жүйесін қаржыландырудың бірегей жүйесін жасауды қажет етеді. Бұл әсіресе білім беру мекемелерінің ерекшеліктері не ғана емес қаржылық ресурстарының әрбір көздерінің ерекшеліктеріне де байланысты болып отыр. Әр түрлі қаржыландыру нысандарын қарастыра отырып, авторлар осы жүйедегі жекелеген ішкі жүйелерді қаржылық ресурстардың түрлеріне байланысты бөліп көрсетуге тырысады және осы ішкі жүйелерді зерттеу объектісі ретінде талдайды.

Әр түрлі қаржылық тетіктерді талдауда қолданылатын тәсілдерді зерделей отырып, ондай тетіктердің мынадай құрамдас элементтен бөліп көрсетуге болады:

- қаржыландыру қатынасының субъектілері;

- қаржылық ресурстардың қозғалыс нысандары;

- субъектілердің өзара әрекет ету тәртібі (қаржыландыру қатынастарын ұйымдастыру);

- қаржыландыруды жүзеге асыруға қажетті ресурстар, соның ішінде нормативтік- құқықтық қамсыздандырулар.

Білім беруді қаржыландыру тетігі мынадай белгілерімен сипатталады /3/:

- бюджеттік қаражаттар мен бюджеттен тыс қаражаттар қозғалысы Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексіне сай жүзеге асуға тиіс;

- білім беруді қаржыландыруға қатысушылар қызмет ететін заңмен анықталуға тиіс, соның ішінде бюджеттік қаржыландыруды көздейтін бюджет заңымен, бюджеттік емес қаржыландыруды көздейтін азаматтық заңдармен және білім беру туралы заңдармен;

- Қазақстан Республикасының бюджеттік шығыстардың экономикалық жіктелімінің баптарына сай бекітілген шығыстар сметасына сәйкес жүзеге асырылатын қаржыландыру;

- бюджеттік қаражаттар шығыстарының сметасы бюджеттік қаражаттарды басты иеленушімен бекітіледі;

- бюджеттен тыс қаражаттар шығыстарының сметасын білім беру мекемесі дербес түрде бекітеді;

- білім беру мекемелерін бюджеттік қаржыландырудың жиынтық сметасын бюджеттің тиісті деңгейлерінен қаржыландыру жүзеге асады.

#### Әдебиеттер

1. Білім беру туралы ҚР заңы // Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі.
2. Білім беру грантын беру тәртібі.
3. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, 2004 ж.

\*\*\*

В данной статье рассматривается механизм финансирования образование в Казахстане и его составные элементы.

*К.Б. Мукашев*

### КӘСІПОРЫННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МЕХАНИЗМІ МЕН КӨЗДЕРІ

Экономикалық түсінікте: “механизм” - бұл белгілі бір қызметті жандандыруға және бір нәрсені іске қосуға болатын құралды білдіреді. Бұл мағынасында “механизм” термині басқаруда жиі қолданылады. Яғни, оның мәні экономикалық, оның ішінде инвестициялық саясаттың міндеттерімен анықталатын, басқарылатын объектіге басқаратын субъектінің әрекет ету мазмұнымен байланысты болып келеді.

Жасалынған және қабылданған кәсіпорынның инвестициялық саясаты инвестициялық механизмнің көмегінсіз іске асырыла алмайды.

Кәсіпорынның инвестициялық қызметін қаржыландыру механизмі – кәсіпорынның экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін инвестиция түрлерін, инвестицияны қаржыландыру және несиелеу көздері мен әдістерін, кәсіпорынның инвестициялық қызметін қаржыландыруға қажетті нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіпорынның инвестициялық қызметін байланысты тәуекелді басқарудың элементтерін қамтитын экономикалық-инвестициялық механизмнің құрамдас бөлігі /1/.

Инвестициялық механизм дегеніміз жұмыс жасап отырған кәсіпорынды өндірістік жағынан ұлғайту немесе жаңадан құрылатын өндірісті алдын-ала қаржыландыру мақсатында ұдайы өндіріске макро және микродеңгейлерде ықпал ететін құралдар мен тетіктердің, инвестицияны қаржыландыру көздерінің, әдістері мен формаларының жиынтығын білдіреді”.

Кез келген экономикалық механизм өзара байланысқан, яғни оның бір элементтің қозғалысы немесе өзгеруі басқаларының қозғалуын немесе өзгеруін туғызатын элементтер жиынтығынан тұрады. Сондай-ақ инвестициялық механизмнің басқа да экономикалық механизмдер сияқты, өзіне тән ішкі құрылымық элементтері бар.

Инвестициялық механизм құрылымы мынадай элементтерден тұрады /1/:

- мотивациялық буын;
- инвестициялық қызметті ресурспен қамсыздандыру;